

Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 531 "Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 01 тамыздағы № 1430 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес, Ақтау қаласы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтау қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 30 наурыздағы № 531 "Ақтау қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3037 санды тіркелген, 2016 жылғы 14 мамырындағы "Маңғыстау" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтау қаласы әкімінің орынбасары Н.Қ.Аққұловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қала әкімі

С.Трұмов